*Қосымша № 1.7*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 7)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Microsoft 365 | **Өнім атауы:** Деректер базасын басқаруға арналған лицензияланған серверлік бағдарламалық қамтамасыз ету<br><br>**Бағдарламалық қамтамасыз ету:** Microsoft SQL Server 2019 Standard<br><br>**Лицензия түрі:** Белсендіру кілтімен лицензия (Activation Key)<br><br>**Лицензиялау түрі:** 15 пайдаланушыға арналған клиенттік қатынау лицензиясы (15 USER CAL)<br><br>**Жеткізу түрі:** Электрондық лицензия (ESD), қабылдап-тапсыру актісімен бірге<br><br>**Мақсаты:** Серверде реляциялық деректер базасын ұйымдастыру және басқару, көп пайдаланушылық қатынауды қолдау<br><br>**Үйлесімділік:** Windows Server (қолдау көрсетілетін нұсқалар), x64-архитектура<br><br>**Негізгі функциялар:**<br>– T-SQL сұрауларын қолдау<br>– Деректер мен индекстер қоймасы<br>– Репликация, журнал жүргізу, резервтік көшіру<br>– Банктік және қаржылық қосымшалармен интеграция<br>– Жоғары сенімділік пен кеңейтілу мүмкіндігі<br><br>**Қосымша:**<br>– Банктік/қаржылық модульдері бар инфрақұрылымда пайдалануға жарамды<br>– Қажет болған жағдайда сәйкес банктік сервистермен интеграцияны қолдайды<br><br>**Белсендіру әдісі:** Орнату интерфейсі немесе Volume Licensing Center арқылы лицензиялық кілтпен<br><br>**Қолдау:** Microsoft тарапынан қауіпсіздік жаңартулары мен техникалық қолдау | 1,00 |
| | **Барлығы** | | **1** |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

# ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

**Төлем шарттары:** Алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде жеткізу